

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ: ТАБЫСТАР, БАҒЫТТАР МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

*Бирманова А.И., ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының PhD докторы, Қарағанды қаласы,
Қазақстан Республикасы*

*Мұхан С.М., ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы
кафедрасының магистранты, Қарағанды қаласы, Қазақстан
Республикасы*

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы нарықтық қатынастардың қалыптасып, өсіп дамуына көптеген шаралар қолданып, реформалардың іс жүзіне асуына жол ашты. Атап айтқанда, мемлекет жекешелендіру үрдісін аяқтады, шағын және орта бизнестің дамуына жағдайлар жасауда. Шетелдердің инвестициялары Қазақстан экономикасының негізгі салаларын көтеруге және дамытуға мол үлес қосуда.

Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын едәуір көтеруге, жеке сектор мен ұлттық капиталға жәрдемдесуге, оларды ынталандыруға және олардың белсенділігін арттыруға тиіспіз[1;46].

Экономикалық функция мемлекетпен ел экономикасын жоғарғы дәрежеде дамуының стратегиялық бағыттарын жасау мен үйлестіруді көздейді. Экономикалық функция -бұл мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау, олардың орындалу жолдары мен тәсілдерін көрсету. Экономиканың дамуын реттеудің төрт тәсілі бар:

бірінші – салық саясаты арқылы мемлекет бюджетінің дамуын реттеп-басқару;

екінші – экономиканың тиісті, қажетті саласына жеңілдік беріп дамыту;

үшінші – ғылым мен техниканы дамытып, экономиканы көтеру (бұл екі жақты үрдіс);

төртінші – мемлекеттік өндірісті дамыту.

Қазақстан Республикасы экономиканы дамытуда, сонымен қатар аграрлық саланы өркендетуде өз үлесін қосуда. Мемлекет тарапынан ауылға несие беру, шаруа қожалықтарының өнімдерін сатып алу, техникамен көмектесу және жеке меншіктегі малдарға салық салмау

сияқты шараларды іс жүзіне асыруда. Экономикалық функцияларын іс жүзіне асыруда Қазақстан Республикасы дүниежүзі өркениетті мемлекеттерінің экономикалық жетістіктерін пайдалануда. Белгілі философ С.Б.Бөлекбаевтың тұжырымдары бойынша мемлекеттің экономикалық функцияларына мыналар жатады:

1. Нарықтық жүйенің жұмыс істеуін құқықтық және саяси жағынан қамтамасыз ету;

2. Бәсекелестік және еркін бағаның қалыптасуын қорғау;

3. Макроэкономикалық тұрақтылық саясатын жүргізу. Ол негізінде ақша қаржы саласында іс жүзінде асырылады, мемлекет инфляциямен күреседі, өндірістік айналыммен жұмыссыздыққа әсер етуге әрекеттер жасайды [2;8].

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының функцияларын дамыту тенденцияларының мынадай жолдары іске асуы мүмкін:

1) функциялардың мазмұны мен шеңберін кеңейту, бұлардың көбісінің мемлекеттік ішкі мәніне ұласуы;

2) бұрынғы кеңестік мемлекеттілік сатысына қарағанда барлық функциялардың мазмұнының іс жүзінде түпкілікті өзгеруі;

3) мемлекеттің функцияларында жалпыәлеуметтік, жалпыдемократиялық, гуманистік (адамгершілік) мәні бар бағыттардың көбеюі;

4) мемлекет өзінің «қоғам мен тұлға құлы» делінетін жаңа рөлін меңгеруі;

5) мемлекет функцияларының мақсатты бағыттарының өзара байланыстылығы, үйлесімділігі және бірыңғайлылығы;

6) жалпы дүниежүзілік жүйенің елдің ішіндегі және дүниежүзілік аренадағы мемлекеттік қызметке тигізетін ықпалы;

7) қоғам ісін басқаруда мемлекеттің функционалдық рөлінің артуы [3;91].

Азаматтың мүддесі үшін өзара екі жақты немесе көпжақты келісімдерге келе отырып, қайткен күнде де ядролық апаттан тірі жанды құтқару мақсатында елдің қауіпсіздігіне қажетті деңгейде армияны сақтап, әскери қорғану күштерін нығайту қажет.

Экономикалық өсу мақсатында өзіміздің осы бағыттағы ұзақ мерзімді басымдықтарымызды іске асыру мақсатында келесі үш жылдың ішінде:

1. қатаң монетарлық саясат бұлжытпай жүргізіледі;

2. жекешелендірі аяқталатын болады;

3. заң шығару жетілдіріп, жақсартыла түседі, мұның өзі еліміздегі инвестициялық ахуалды барлық жерде бірдей жақсарта түседі;

4. шетел инвестицияларын тарту бұрынғыдан да белсенді жүргізілетін болады, олардың көлемі мен нәтижелері жайында халыққа егжей-тегжейлі ақпарат беріліп тұруға тиіс.

Бүгінде республикада бірлескен кәсіпорындар саны көбеюде, дүниежүзіндегі аса ірі компаниялардың өкілдіктері ашылуда, бірлескен шикізатпен материалдарды өңдеу жобалары, жаңа технологиялар енгізілуде. Еліміздің бай табиғи ресурстары, елдегі әлеуметтік және саяси тұрақтылық Қазақстанды шетелдік капитал үшін тартымды аймақтардың біріне айналдырды. Қазақстан өнімін негізгі тұтынушылар: Ресей, Қытай, Швейцария, Германия, Өзбекстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Италия, Украина, Ұлыбритания және т.б. елдер. Импортталған тауарлардың басым көпшілік бөлігі: Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Германия, Ұлыбритания, Түркия, Беларусь, Украина, Америка Құрама Штаттарынан, Қытайдан жеткізіледі. Экспорттың негізгі түрлері: минералды және мұнай өнімдері, қара және түсті металдар, азық-түлік тауарлары және т.б. Импорттың тауар құрылымы: машиналар, құрал-жабдық, химия өнімі, азық-түлік тауарлары, минерал өнімдер т.б.

Экономикалық функцияның негізгі мақсаты болып елдің экономикалық дамуының жоспарын жасау, мемлекеттік бюджетті қалыптастыру мен орындалуын бақылау, салық жүйелерін тағайындау, баға саясатын нақтылау, монополизмді жою, жосықсыз бәсекеге тыйым салу, тұтынушылардың құқығын қорғау табылады. Адамдардың өндіріс, орналастыру және алмастыру саласындағы қатынастарын қамтитын мемлекеттің экономикалық функциясы жетекші орындардың бірін алады. Экономикалық функцияның көлемі, масштабы және өрісі түрлі мемлекеттерде әр түрлі болады. Алайда қандай жағдайда да мемлекет мына төмендегі жағдайларға ықпал ете алады және, әдетте, ықпал етеді де:

- экономиканы дамытудың сара жолын таңдау (мысалы, нарықтық, директивалық – жоспарлы немесе аралас экономиканы таңдау);
- мемлекеттік реттеу дәрежесі, оның жетекші салаларын ынталандыру және қолдау;
- экономикалық дамудың неғұрлым перспективалы бағыттары үшін жайлы жағдай тудыру;

- жеке меншіктің түрлі нысандары мен шаруашылық қызметінің түрлі субъектілерінің мәртебесін анықтау;

- экономикалық инфрақұрылым құралдарын (шаруашылық басқарудың қаржы – ақша құралдары, несие беру, заем беру, инвестициялық саясат) пайдалану. Салық саясаты экономикалық функцияның айрықша компоненті болып табылады, өйткені мемлекет бюджетінің құрылуы, мемлекеттің кірістері мен шығыстарының балансталуды осыған тікелей байланысты.

Экономикалық қызмет мемлекетпен ел экономикасын жоғарғы дәрежеде дамуының стратегиялық бағыттарын жасау мен үйлестіруді көздейді. Нарықтық тауарлық қарым-қатынаста қызмет ететін құқықтық мемлекетте экономиканы реттеу экономикалық әдістермен жүзеге асырылады. Мұндай мемлекеттер өндірушілердің де, экономикалық құндылықтарды тұтынушылардың да нақты теңдігін және тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің экономиканы реттеудегі екі негізгі әдістері бар:

1. Мемлекетке экономикалық мәселені сәтті шешуге және ұлттық табыстың бір бөлігін қоғамның өндіруші күштерінің реттелген дамуы мақсатында бөлуге мүмкіндік беретін анықталған және қатаң салық саясаты;

2. Бүкіл қоғамға көптеген пайда әкелетін экономикалық басымдылық иелік етушілердің дамуына ең жақсы деген жағдайлар туғызады [4,54].

Мемлекеттік басқарудың экономикалық сферасындағы негізгі қызметі – материалдық өндірістің жоғарлауын іске асыру, экономикалық салада мемлекеттік басқару, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, мекеме әкімшілігімен жүзеге асырылады. Экономиканы жеке тұлғаларды өздерінің өкілеттілігіне сәйкес, әртүрлі дәрежедегі мемлекеттік қызметшілермен басқарылады. Экономиканы мемлекеттік басқаруға қатысты жергілікті өзін-өзі басқару органдары және қоғамдық бірлестіктер (кеңес берумен) қатыса алады. Экономика саласында мемлекеттік басқарудың орталық органына мыналар жатады: парламент, мемлекет басшысы, үкімет, белгілі бір министрліктер тобы (мысалы, қаржы министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігі), импорт және экспорт бойынша алқа, Ұлттық банк.

Экономика саласын басқара отырып, Парламент көптеген заңдар қабылдайды: азаматтық, жер, су, салық кодекстері және тағы басқа. Мемлекет басшысы да экономика саласын басқаруға қатыса отырып,

өзінің жарлықтарын шығарады. Экономика саласына қатысты сұрақтармен айналысатын министрлік пен ведомства құрады.

Үкімет Парламент отырысында экономика сипатындағы заң жобаларын енгізеді. Кіріс немесе мемлекеттік бюджеттің шығының заңдылығына қатысты заң жобалары Парламент талқылағанға дейін Үкіметтің қорытындысын алуы тиіс. Сәйкес министрліктер және ведомствалар оларға бағыныстағы мекеме мен ұйымдарды жедел басқарумен айналысады.

Экономиканы қалпына келтіру жағдайын мемлекеттің жергілікті органдары жүзеге асырады. Олар өз билігінде территорияға, жергілікті бюджетке үлкен қаражат алу мақсатымен бюджет ағымын және бизнесті дамытуды қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлікті қолдай отырып, өз жерлерінде жаңа компанияларды тұрғызып, жергілікті билік инфрақұрылымын дамытады, жұмыссыздық мәселесін шешеді. Бұларды шешу үшін салық механизмі қолданылады. Құрылысқа жер телімдері беріліп, жаңа өндірушілерді қаржыландыру үшін облигациялар шығарылады. Жергілікті мемлекеттік органдар жергілікті жерлердегі министрліктердің бөлімшелері және басқармалары экономиканы басқаруда әкімшілік – территориялық бірліктегі жоспар және бағдарламаны, жергілікті бюджетті дамытуды өзін-өзі басқарудың жергілікті өкілді органдары қабылдайды.

Ауыл шаруашылығын басқару толықтай агроөнеркәсіптік кешенді басқаруға ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, оны дайындау, сақтау кіреді. Бұл қызметті ауыл шаруашылық министрлігі атқарады. Ол агроөнеркәсіптік кешенінде, елді өніммен қамтамасыз ету саласында мемлекет саясатын жүргізеді.

Қоғам өміріндегі экономика саласықаржыжәне несиемен тікелей байланысты. Қаржы саясатының бірлігін барлық елдерде Парламент белгілейді, оны Үкімет жүргізеді, ал оны реттеу үшін әр түрлі мемлекеттік органдар – қаржы министрлігі, Ұлттық банк, салық комитеті, қазына және тағы басқаларқызмет етеді.

Кеңестік кезеңде мемлекет экономиканың көп саласын өз қарауына алғысы келді. Соның әсерінен экономиканың көпшілік бөлігі мемлекет қарауына өтіп кетті, қатаң бюрократиялық шеңберге салынып, тиімділігін жоғалтты. Соңғы кездері экономикалық функция күрделі өзгерістерді бастан кешірді: меншікті жекешелендіру және мүлікті мемлекет меншігінен алу шаралары жүргізілді, мемлекеттік реттеудің, экономиканың дамуына ықпал ету мен бақылау жасаудың нысандары мен әдістері өзгерді. Қолында

ықпал етудің маңызды тетігін сақтап қалған мемлекет көптеген шаруашылық істерін жекелердің жүргізуіне өткізді. Істі бұлайша жүргізу неғұрлым тиімді де ұтымды болып табылады.

Қазіргі мемлекеттерде экономиканың қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асады. Қоғамның экономикалық өміріне мемлекеттік әсер етудемемлекеттің бюджетті құруынан және ондағы шығындарды бақылауынан, өнеркәсіпті және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бағдарламасынан, ел аумағында экономикалық даму бағдарламаларының қалыптастырудан, материалды құндылықтарды өндірушілерге өндірісті қалпына келтіруден, субсидия беруден көрініс табады. Экономикалық процестерге мемлекеттік реттеуде мемлекеттік биліктің жоғарғы және жергілікті органдары қатысады. Сонымен бірге арнайы мекемелер қатысады. АҚШ-та мұндай мекемелерге әкімшілік-бюджеттік бюро, экономикалық кеңесшілер, еңбек қатынастарының ұлттық басқармасы және тағы басқалар жатады. Олар ел президентінің аппаратына кіреді.

Экономиканы қалпына келтіру шараларын мемлекеттің жергілікті органдары жүзеге асырады. Олар өз билігінде жергілікті бюджетке үлкен қаражат алу мақсатымен капитал ағымын және бизнесті дамытуды қамтамасыз етеді, кәсіпкерлікті қолдай отырып, өз территорияларында жұмыссыздық мәселесін шешеді.

Мемлекеттің экономикалық қызметі, сонымен қатар, экономиканың мемлекеттік секторын шаруашылық басқаруда (мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемеде, ұйымда) көрінеді. Мұнда мемлекеттің өзі өндіріс иесі, материалды құндылықтар мен қызметтерді өндіруші болады. Мемлекеттегі өндірушілердің табыстарын анықтап, олардың есебін көрсетеді. Заң бойынша бұл табыстың бір бөлігі салық ретінде әлеуметтік және тағы басқа жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға мемлекеттік бюджетке жіберіледі. Мемлекет салықтың дұрыс қолданылуына қадағалауды жүзеге асырады.

Табыстар мен шығыстарға бақылау жасап отыратын жоғарғы қаржылық органболып Парламент табылады. Жергілікті жерлерде бақылауды мемлекеттік биліктің жергілікті органдары атқарады. Барлық мемлекеттерде мұндай бақылаудың кең құқықтарымен қаржы министрліктері айналысады. Мысалы, Англияда ведомства арасындағы мемлекеттік бюджетті бөлуді және оны қолдануды бақылауды қаржы министрлігімен қатар Контролер және Бас Аудитор ведомствасы жүзеге асырады. АҚШ-та қаржы бақылау

органдары ретінде Бас Есеп басқармасы және Бас Контролер басшылығымен іске асады. Оларды Президент тағайындап, Конгрестің екі палатасының келісімімен жұмыстан босатады. Францияда қаржы тәртібінің іске асуын орталықта және жергілікті жерлерде Есеп Палаталары қадағалайды. Есеп Палатасының қорытындылары Францияның Президентіне жіберіліп отырады, оның шешімі Мемлекеттік Кеңесте талқылауда болады. Қаржы министрі қаржы инспекторы арқылы бюджет, қаржы органдары мен мекемелерінің қызметін бақылайды.

Экономикалық салада елдің экономикалық дамуының жоспарын жасау, мемлекеттік бюджетті қалыптастыру мен орындалуын бақылау, салық жүйелерін тағайындау, баға саясатын нақтылау, монополизмді жою, жосықсыз бәсекеге тыйым салу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, базарлық-тауарлық қатынастар кезіндегі өмір сүрген құқықтық мемлекеттің экономиканы мемлекеттік реттеуі, негізінен әкімшілік тәсілімен, экономикалық жолмен іске асырылады. Ондай мемлекеттердің өндірушілердің және әлеуметтік жағдайларды тұтынушылардың шын теңдігін және тәуелсіздігін қамтамасыз ететін жеке меншік бостандығы мен еркіндігі бар сипаты болады

Мемлекеттік реттеудің негізгі экономикалық екі түрі болады:

1) Мемлекетке оның әлеуметтік мақсаттарын шешуге мүмкіндік беретін, қоғамның өндіргіш күштерін қалыпты дамыту мен ұлттық байлықты бөлуде қаталырақ алым-салым саясаты керек.

2) Мемлекеттің түгелімен қоғамның пайдасына үлкен үлес қосатын экономиканың тиісті саласының дамуына қажетті жағдайлар жасауы.

Қазіргі құқықтық мемлекеттің экономикалық қызметтері мынадай бағыттарды қамтиды:

- мемлекет бюджетті жасайды және экономикалық дамудың ел көлеміндегі бағдарламаларына сәйкес оның жұмсалыуына бақылау жүргізеді;

- өндірістің және ғылыми зерттеулердің бағдарламаларын қаржыландырады;

- өндірісті ынталандыруға жәрдем ақша бөледі. Экономикалық процесстерді мемлекеттік реттеуде жоғарғы және жергілікті мемлекеттік органдар, арнайы мекемелер қатынасады [5,39].

Экономикалық функция қоғамда өндірісті және өндірістік қатынастардың субъектілеріне нарықтық экономиканы дамытуға

жан-жақты жағдайлар туғызуға бағытталған. Экономикалық функцияның мақсаты - салық саясаты арқылы мемлекет бюджетінің дамуын реттеп-басқару; экономиканың тиісті, қажетті саласына жеңілдік беріп дамыту, ғылым мен техниканы дамытып, экономиканы көтеру (бұл екі жақты процесс); мемлекеттік өндірісті дамыту.

Жоғарыда айтылғандардан қорытынды жасасақ, экономиканың нақты саласына мемлекеттік ықпал ету нысаны, оның қандай секторға, мемлекеттік, жеке немесе ұжымдық секторға жататындығына байланысты. Мемлекеттің кәсіпорындарға ұйымдар мен экономиканың мемлекеттік секторының объектілеріне ықпалы мол- оған басқарудың шексіз құқығы берілген (кадр мәселесі, қаржы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, бақылау, ағымдық оперативті басқару). Экономиканың мемлекеттік емес секторының кәсіпорындарына, ұйымдары мен шаруашылық объектілеріне қатысты айтатын болсақ, онда мемлекеттің олардың қызметіне ықпалы шамалы болып табылады, ол нормативті реттеу нысандарымен, сондай-ақ олардың заңдылық талабы мен белгіленген тәртіпті сақтауын бақылаумен шектеледі.

Әдебиеттер тізімі:

1 Баймаханов М.Т. Функции государства в условиях современного мира (материалах независимого Казахстана).- Алматы: Изд. Дом КазГЮУ,2005.- 99с.

2 Баймаханов М.Т. К разработке современной концепции функций государства // Правовая реформа в Казахстане. –2001. –№ 4. –С.3-8.

3 Әбсаттаров Р.Б. Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік: жүйелік талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. –2009. –3 (27). –Б. 81-102.

4 Загайнов Л.И. Экономические функции Советского государства. – М.: Юрид. лит.,1968. –263 с.

5 Кушкумбаев С.К. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. – Алматы: Қазақстан, 2002. - 200 с.